10 НОВЫХ ЭСКАЛАТОРОВ НАЧАЛИ ФУНКЦИОНИРОВАТЬ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ВОКЗАЛЕ АСТАНА-1 3 стр.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№2 (2386) 15/01/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


ЦИТАТА ДНЯ

**Нуржан КЕЛЬБУГАНОВ,**
И.О. ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ДИРЕКТОРА ПО ЭКСПЛУАТАЦИОННОЙ РАБОТЕ АО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

**«ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПЕРЕВОЗОК В АО «НК «ҚТЖ» ДЕЙСТВУЕТ ШТАБ ПО ПЕРЕВОЗКЕ УГЛЯ. УСТАНОВЛЕН ЕЖЕСУТОЧНЫЙ КОНТРОЛЬ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЗАЯВОК ГРУЗООТПРАВИТЕЛЕЙ. ВЕДЕТСЯ МОНИТОРИНГ ЗА ВЫПОЛНЕНИЕМ ОБОРОТА ВАГОНОВ»**

СЕРВИС



## ЕСТЬ КОНТАКТ!

**В АО «KTZ Express» заработал контакт-центр для круглосуточной обратной связи с потребителями услуг и обработки заявок, поступающих через корпоративный сайт мультимодального оператора. Звонки принимаются не только из Казахстана, но и стран СНГ, Евросоюза, Дальнего Востока и Китая.**

Внедрение новой сервисной услуги стало логичным продолжением проводимой компанией политики по повышению уровня клиентоориентированности.

Наряду с обработкой входящих звонков контакт-центр осуществляет и исходящие вызовы по обращениям пользователей. Ведь индивидуальный подход к каждому потенциальному потребителю услуг является основой деятельности АО «KTZ Express».

Теперь клиенты, не приезжая в офис, могут получить консультацию специалистов, оставить заявку на расчет тарифа, обсудить альтернативные решения по организации перевозки, уточнить сроки транспортировки и многое другое. При этом информационная поддержка производится на трех языках: английском, казахском и русском.

Запросы обрабатываются операторами круглосуточно и в единой очереди – с учетом приоритетов, установленных системой.

Создание контакт-центра стало комплексным решением по укреплению отношений с потребителями и обеспечению бесперебойного сервиса.

В АО «KTZ Express» отметили, что намерены совершенствовать работу по качеству обратной связи.

За консультацией можно обратиться по телефону 8 (7172) 39-91-11.

*Роман ЛЮБИМОВ*
*Фото предоставлено пресс-службой АО «KTZ Express»*

ЦИФРА НОМЕРА

**БОЛЕЕ**
**21000 КМ**
**СОСТАВЛЯЕТ РАЗВЕРНУТАЯ ДЛИНА МАГИСТРАЛЬНЫХ ПУТЕЙ ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ»**

МӘЙЕКТІ МӘСЕЛЕ

# ЖОЛАУШЫЛАР ӨТІНІШІ ЖЕРДЕ ҚАЛМАДЫ

Жыл сайын еліміз бойынша теміржол көлігімен тасымалданатын жолаушылар саны артпаса, кеміген емес. Қазақстан халқының басым бөлігі тұтынатын ең тиімді бұқаралық көлік ретінде танылған теміржол жолаушыларын тағы бір жаңалықпен қуантып отыр.

**Қызғалдақ ЖАҚЫПБЕКОВА**



Кезінде жолаушы мен билет сататын касса арасында делдалдық танытып, заңсыз билет алып сатумен айналысып жүргендермен күресу мақсатында жол жүру билетін қайтарғанға комиссиялық алым енгізілген еді. Енді ағымдағы жылдың 15 қаңтарынан бастап сол айыппұл алынып тасталмақ. Яғни, билет санаттарының бағаларын саралау үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ билетті қайтарғаны үшін жолаушыға 1 мың теңгелік айыппұл салу тәртібінің күшін жояды. Бірақ айыппұл тек 3 500 теңгеге дейінгі билеттер бойынша жойылады.

Әрине, «Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан енгізілген жол жүру билеттерін қайтарғанға салынатын 1000 теңгелік комиссиялық алым өзін-өзі ақтады десек, артық айтқандық емес. Бұл теміржол үшін тиімді екені де талас тудырмайды. Сондай тетікті енгізудің арқасында билеттерді кері қайтару 30 пайызға дейін кеміген. Бұл өз кезегінде Компанияның шығындарды оңтайландырып, алдағы жоспарын пысықтап алуға өте-мөте қажет екені түсінікті де. Дей тұрғанмен, жолаушылардың талап-тілектері де назардан тыс қалған емес. Бұндай қадамға «Жолаушылар тасымалы» АҚ сол жолаушы халықтың өтініштері мен ұсыныстарын басшылыққа ала отырып барғаны белгілі болып отыр. Сол сияқты Қазақстан Республикасы инвестиция және даму министрлігінің 2015 жылдың 30 сәуірдегі №545 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы теміржол көлігіндегі жүкбагажын, багажды, жолаушыларды тасымалдау ережесі» де назардан тыс қалмаған.

Билеттерді заңсыз қайта сатумен күресу мақсатында қабылданған шара толықтай күшін жоймайды, тек 3500 теңгеге дейінгі арзан билеттерге қатысты болмақ. Жалпы, еліміз ішіндегі барлық әлеуметтік маңызды бағыттардың бағасын реттеудің оңтайлы жүйесі енгізілген. Тарқатып айтқанда, 2018 жылдың 11 қыркүйегінен «Жолаушылар тасымалы» АҚ еліміз ішіндегі барлық бағыттарға динамикалық тарифтік басқару бағдарламасы бойынша бағаларды реттеудің икемді жүйесін іске асырды. Бұл өз кезегінде алдын ала жеңілдетілген бағамен билет сатып алудың ең тиімді тетігі және әлемдік тәжірибеде бар. Жеңілдік көлемі бос орындар саны мен пойыздың жүруіне қанша күн қалғанына байланысты белгіленеді. Жөнелтілу күніне жақындаған сайын және бос орындардың азаюымен билет бағасы да өседі, алайда 25% көлемінен аспайды. Ал 2019 жылдың 11 қаңтары мен 28 ақпаны аралығында «Тұлпар-Тальго» пойыздарына билеттер 55% дейінгі жеңілдікпен сатылатынын қаперге сала кеткен жөн. Бүгінгі таңда әлемнің әуе және жерүсті тасымалдаушыларының көбісі осы тәжірибені өз жұмысында кеңінен қолданып келеді. Жолаушыларға жайлы жағдайлар жасау мақсатында 2019 жылдың бірінші жартысында жаңа стандарт енгізілуде. Ол бойынша 1 шаршы метрде 10 литр ылғалды ұстап тұра алатын заманауи кілемшелер, жаңа ортопедиялық матрацтар мен жастықтар, заманауи материалдардан жасалған сапалы төсек керек-жарақтарын пайдалану, жұмсақ-алмалы-салмалы мүлік пен төсек-орын жабындыларымен және өзге де қажеттіліктермен жабдықталады.

Жалпы «Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол көлігімен сапар шегушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және сервисті жақсарту мақсатында соңғы жылдары көптеген шараларды жүзеге асырып жатқанын ешкім жоққа шығармаса керек.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

ТРАНСФОРМАЦИЯ

# РАБОТА НА РЕЗУЛЬТАТ



В рамках реализации Программы трансформации бизнеса в АО «НК «ҚТЖ» под председательством управляющего директора – главного инженера Батыра Котырева прошло очередное заседание Управляющего комитета по проекту «Внедрение новой модели управления техническим обслуживанием и ремонтами (ТОиР)».

**Мадина КУРМАНГАЛИЕВА**

В ходе заседания с участием представителей Ernst&Young (EY) подведены итоги проделанной работы и результатов проекта, достигнутых на момент проведения Управляющего комитета. Так, закрыты две контрольные точки Дорожной карты по реализации Программы трансформации бизнеса компании на 2018-2021 годы: введена в опытную эксплуатацию автоматизированная система АСУ ТОиР на пилотном подразделении Павлодарского отделения магистральной сети и разработана необходимая методологическая документация совместно с консультантами из EY.

Кроме того, представлены материалы по обучению ключевых пользователей Павлодарского отделения магистральной сети (Павлодар и Екибастуз) и центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ» целевым процессам ТОиР, а также рассмотрены результаты тестирования АСУ ТОиР.

Участники заседания отметили, что реализация проекта даст конкретный результат – создание и внедрение единой системы управления производственными активами, позволяющей принимать эффективные управленческие решения в течение всего жизненного цикла активов, начиная с момента их создания или приобретения и заканчивая этапом вывода из эксплуатации.

Вместе с тем, эксперты EY подвели итоги своей работы и представили рекомендации по дальнейшей реализации проекта. Они вручили сертификаты ключевым пользователям целевых процессов ТОиР и их реализации в системе SAP. В свою очередь, спонсор проекта Батыр Котырев поблагодарил EY за проделанную ими работу и пожелал дальнейших успехов.

В целом, по проекту проведен большой объем работы: сформирован сбалансированный портфель производственных активов компании, проанализированы существующие и целевые процессы ТОиР, разработаны документы, регламентирующие управление услугами сервисных организаций, повышающие эффективность ТОиР инфраструктуры, обучены ключевые специалисты пилотного участка Павлодарского отделения магистральной сети новым бизнес-процессам по техническому обслуживанию и ремонтам железнодорожной инфраструктуры и работе в системе АСУ ТОиР.

*Фото автора*

СНЕГОБОРЬБА

# К НЕПОГОДЕ ГОТОВЫ

На станциях филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» задействовано около 40 единиц снегоуборочной техники и роторных электроснегоочистителей.

По словам начальника отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Каната Ибраева, ежегодно на предприятии проводится работа по подготовке хозяйств и кадров к работе в зимний период.

– В филиале издается приказ о создании штаба для контроля за полным и качественным выполнением плана по снегоборьбе, который включает в себя перечень особо опасных мест по заносимости, ведомость ограждения заносимых мест, ведомость и схему расстановки снегоуборочной техники и роторных электроснегоочистителей, – рассказывает Канат Ибраев.

В план по снегоборьбе входит количество бригад, закрепленных за снегоочистительной техникой, таблица учета уборки снега с территории станций, перечень раздельных пунктов с электрической централизацией стрелок, оборудованных пневмообдувкой, план привлечения рабочей силы 1, 2 и 3-й очереди по очистке путей и стрелочных переводов от снега на станциях, план по привлечению автотранспорта для борьбы со снежными заносами, перечень раздельных пунктов с электрической централизацией стрелок, перечень раздельных пунктов для выставления составов на отстой. В случае возникновения сложной метеообстановки председатель штаба должен контролировать и обеспечивать выполнение оперативного плана.

На сегодняшний день на станциях Карагандинского отделения магистральной сети Анар, Карагайлы, Жанааул, Шокай, Мырза, Нура, Аршалы и других установлена следующая снегоуборочная техника: Струг СС-1, СДПМ, ЭСО, СМ-2, СМ-7, СМ-5.

**Светлана МОГАЙ,** *Караганда*

ЖАҢАЛЫҚТАР

## КӨМІР ЖЕТКІЗУДЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіндегі дәстүрлі басым бағыттардың бірі әлеуметтік-маңызды жүктер тасымалы болып табылады. Өткен жыл, мысалы, ең маңызды әлеуметттік жүкке жататын көмір тасымалы алдыңғы жылдан 3 пайызға артқан.**

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Ақ баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, облыстар бойынша алғанда, Павлодар облысындағы тұтынушылардың коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін 31 млн тонна көмір тасымалданған, бұл 2017 жылдың көрсеткішінен 9% артық. Ал Оңтүстік Қазақстан облысына 1,7 млн тонна қатты отын тиесілі, ол алдыңғы жылдан 24% көп. Өткен жылыту маусымындағы көрсеткіштен 88%-дан көп көрсеткішті Астана қаласы бойынша жұмыстар көрсетсе, көмір тасымалы Алматыда – 80%, Маңғыстауда – 64%, Жамбыл облысында – 19% және Ақтөбе облысында 25% жетті. Тұтынушыларға көмір дер кезінде және толықтай жеткізілген. Маусым кезінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да көмір тасымалы бойынша штаб құрылып, жүк жөнелтушілер өтінімін қанағаттандыру үшін тәуліктік бақылау қойылған.

*Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ*

## ЕКІ ЕСЕ ҰЛҒАЙҒАН

**Еліміздің батысындағы теміржолдың мемлекетаралық шекаралық түйісу нүктесі болып табылатын Болашақ станциясынан жөнелтілген жүк пойыздары былтырғы жылы алдыңғы жылдан екі есеге артқан.**

Станция бастығы Мақсат Нұрбеков осыған айғақ болатын статистикалық мәліметтер келтірді. Атап айтқанда, 2017 жылы бұл шекаралық нүкте арқылы 255 пойыз, яғни, жалпы салмағы 638011 тонналық 11933 вагон жөнелтілген. Ал 2018 жылы Болашақтан жөнелтілген жүк пойыздарының саны 419-ды құраған. Бұл дегеніңіз жалпы салмағы 1102970 тонналық 18618 вагон.

– Қазақстаннан тиелетін жүктердің негізгі үлесін астық дақылдары құрайды. Соның ішінде, арпа, бидай, сұлы сынды дәнді дақылдар, ұн, жасымық және тағы басқа да астық өнімдері бар. Бұлар көбінесе Иран, Ауғанстан, Түрікменстан сынды елдерге экспортталады, – дейді станция бастығы.

Сонымен қатар Алтынкөл (ҚХР)-Болашақ-Серетяка-Акяйла бағдары бойынша транзиттік контейнерлік пойыздар тасымалы жүзеге асырылуда. Бұл бағдар бойынша түрлі жүктер жиынтығы, атап айтқанда, автобөлшектер, түрлі аппараттар, электронды құралдар, шаруашылық тұтыну тауарлары бар.

*Ұлан ОРАЗ*

## АЙЫППҰЛ КӨЛЕМІ ӨСЕДІ

**2018 жылы теміржол желілерінде жол апатына қатысты қауіптің алдын алуға қатысты жүк және жолаушылар пойыздарын шұғыл тоқтатудың 3 200 оқиғасы тіркеліпті.**

Оқиғалардың 90 пайызында локомотивтік бригадалар кәсіби біліктіліктерінің арқасында шұғыл әрекет етіп, қайғылы жағдайларға жол бермеген. ҚТЖ мамандары, салмағы 6 мың тонналық жүк құрамы 60-80 км/сағ жылдамдықпен келе жатқанда, 600-800 метрден кейін ғана тоқтай алатынын, яғни, пойыз құрамында кілт тоқтау мүмкіндігі жоқ екенін тағы да еске салып отыр. Алайда, сала мамандарының мемлекеттік құзырлы орган өкілдерімен, темір жол күзеті қызметкерлерімен бірлесе тұрақты түрде жүргізіп отырған түсіндіру, ескерту, алдын алу жұмыстарына қарамастан өткен жылы 66 адамды пойыз қаққан. Сондай-ақ, машинистер тарапынан 826 рет шұғыл тежегіш басу әрекеті орын алған. Осыған байланысты, ендігі уақытта темір жолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өткен адамдарға салынатын айыппұл көлемі 3-тен 30 айлық есептік көрсеткішке ұлғаймақ. Бұл шойын жол бойындағы қауіпсіздік ережесін сақтауға көмектеседі деген үмітте сала мамандары.

*Ислам ТАЛҒАТ*

ЖАҢАЛЫҚТАР

## МИЛЛИОН ТОННАҒА АРТЫҚ

**Семейлік теміржолшылар көмір тасымалы бойынша өткен жылды жаңа рекордтық көрсеткішпен қорытындылады. Жыл басында белгіленген 8 млн тонна қара отын тиеу межесі толықтай орындалды.**

Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда миллион тоннаға артық. Бөлімше басшысы Марлен Көкірекбаевтың айтуынша, бөлімше бойынша орта есеппен алғанда тәулігіне 420 вагонға көмір тиеліп жөнелтілген екен. Дегенмен бұл ең жоғарғы көрсеткіш емес. Жаңартылған локомотив паркі, станциялардағы автоматтандырылған жұмыс орындары, вагондарды өңдеуге кететін уақытты үнемдеу бұдан да зор мүмкіндік бере алады. Ал бір ғана көмір тиеу бойынша атқарылған жұмыстар өткен жылы 127 пайызға артыпты. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта еліміздің шығысында қатты отын тапшылығы мүлде орын алмауда.

Биылғы меже де ауқымды. Ағымдағы жылы 9 млн, ал келер жылға 10 млн тонна көмір тиеп, тиісті жерге жеткізу теміржолшылар үшін басты міндет болып тұр. Бір бұл емес, жүк айналымы бойынша құрылыс материалдары мен өндірістік шикізат тасымалы 105-тен 150 пайызға жоғарылады. Ең маңыздысы сол, осынау жұмыстардың барлығы 40 шақырымнан аса желі бойын күрделі жөндеуден өткізу барысында да іркіліссіз жүргізіліп, жыл бойына ақаусыз жүзеге асырылған.

*Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей*

## ҚОЗҒАЛЫСҚА – ЖАСЫЛ ЖОЛ

**Шу электрмен жабдықтау дистанциясы темір жол бойы мен мекемелеріне қоса темір жол учаскесіне қарасты бірнеше аудан тұрғындарын электр энергиясымен қамтып отыр.**

Шу-Отар, Шу-Қарасай аралығындағы жалпы ұзындығы 287,7 км учаскеге қызмет көрсететін дистанцияның міндеті – пойыздарды, темір жол нысандары мен оларға жақын орналасқан елді мекендерді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету, осы жолда қауіпсіздікті сақтап, пойыздар қозғалысына жасыл жол ашу. Кәсіпорын құрамына 2 энергодиспетчерлік пункт, 7 желілік байланыс учаскесі, 5 тартым қосалқы станциясы, 1 электр жүйесі учаскесі, 1 өндірістік-пайдалану учаскесі, 1 механикалық-шеберлік цехы кіреді. Белгіленген учаскеде Қиякты, Хантау, Жиделі станциялары бар. Сонымен қатар, Қияктыда түйіспелі торап учаскесі болса, Хантау мен Жиделі станцияларында түйіспелі торап учаскелерімен қатар, тартым қосалқы станциялары орналасқан. Кәсіпорын қызметінде энергодиспетчерлік пункттің маңызы ерекше. Өйткені, ол электр қуаты өшіп қалған жағдайда барлық станциялар мен тораптарға хабарлап отырады.

– Соңғы екі-үш жыл көлемінде кәсіпорын қызметінде модернизациялау жүзеге асырылып, бірқатар жаңашылдықтар орын алды. Атап айтқанда, кәсіпорынға қарасты Шу тартым қосалқы станциясы германдық жаңа жабдықтармен толықтырылды. Соның нәтижесінде бұған дейін қолмен атқарылып келген жұмыстар енді бір тетікті басу арқылы орындалады. Сондай-ақ, Еспе станциясында жаңадан түйіспелі торап және тартым қосалқы станциясы салынып, іске қосылды. Шоқпар станциясында түйіспелі торап жұмысы жолға қойылды, – дейді соңғы жаңалықтармен бөліскен дистанция басшысы М.Ақботаев.

*Динара БАТЫРХАИРОВА, Шу*

## БАҚЫЛАУДА – БҮЙІРЛІК РАМА



**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ барлық филиалдарында 15 желтоқсаннан бастап «Бүйір рамасын бақылау» төрт айлығы бастау алғаны белгілі. Мақсат – жүк вагондары арбасында құйма бөлшектері сынығын дер кезінде анықтап, апаттың алдын алу және пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.**

Айлықты өз деңгейінде өткізуге Маңғыстау вагон пайдалану депосының бүкіл ұжымы жұмыла кіріскен. Вагоншылардың жұмыс көрсеткіштеріне көз жүгіртсек, 2017-2018 жылдары оннан астам адам «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгілерін кеуделеріне қадады. Депоның вагон қараушылары арасында өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып, жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуіне себеп болатын күрделі ақауларды анықтағандардың аз емес екенін осыдан-ақ байқауға болады. Олардың көбісі – соңғы кезде жиі кездесетін бүйірлік рама ақауын анықтағандар. Мәселен, өткен жылы вагоншылар Ж.Тұрғанбаев букстық тораптың бұзылуын, К.Орынбаев бүйірлік раманың сынығын, Ы.Сатыбалдиев, А.Есбосынов, Б.Дүйсембаев, С.Көпейсінов букстың жылжуын анықтады. Ал, Б.Битанов букстың шашылуын, Ж.Исанов, Б.Тыныштықов, И.Елусинов, Н.Сариев бүйірлік раманың жарығын тапты.

Маңғыстау вагон пайдалану депосының техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушысы Берік Дүйсембаев 2017 жылы бүйірлік рамадан аса ірі көлемді, өте қауіпті жарық тапқан еді. Ол одан кейін де, яғни өткен жылдың наурыз, тамыз айларында екі бірдей қауіпті ақауды, жұп доңғалағы дискісінің жарығын және жұп доңғалағының букстық торабының 20 мм-ге жылжуын көрсетіп берді. Осылайша, ол өз ісінің мықты маманы, қырағы вагон қараушы екендігін талай рет дәлелдеді.

Депо директорының орынбасары Майлыбай Камалов вагон шаруашылығындағы ақаулықтардың көбінесе құйылмалы детальдардан келетіндігін айтты. Сондай-ақ ол бұл айлықтың қатаң жүргізілуі вагон депосында басты назарда тұрғандығын жеткізіп: «Қазір ауа райының күрт өзгермелі кезі. Аяз көтеріліп, жел ысқырады. Детальдар қысылады, әр түрлі деформацияларға ұшырайды. Сол үшін сол детальдарға басты назар аудару шарт. Вагондарға жүк тиеледі, жолға күш түседі дегендей. Мәселен, осы айлық басталғалы бүйірлік рамадан бір ақау, жарықша табылды. Оны Бейнеу станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушысы Аманат Сұлтанов дер кезінде анықтады. Вагон Бейнеуде ағытылды», – деді.

*Әсел ТАҢАТАРОВА, Маңғыстау*

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# СӘТТІ ДЕ... ТӘТТІ «ТОЛАСКЕЗ»

Сәтті өткен толаскезді білеміз, ал... тәтті толаскездің болатынын білмеппіз. Ал шын мәнінде болатынын құлағымызбен естіп қана қоймай, көзімізбен көріп қайттық. Сәтті де тәтті өткен толаскез болды...

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Белкөл станциясы*



Жылдың төрт мезгілінде үнемі жол бойынан табылатын Қызылорда жол дистанциясының жолшылары бұл жолы Белкөл станциясында «толаскез» өткізді. Мақсат – станцияның тақ паркіндегі 3-бағыттамалық бұрманы ауыстыру. Жол дистанциясы жігіттерімен қатар мұнда Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының мамандары мен Белкөл станциясы теміржолшылары да ортақ іске өз тараптарынан атсалысуда.

Қыс ауасы болғанмен аяз жоқ, тек аздап ызғар білінеді. Кілең сары күртеше киген теміржолшылар күрек-қайла, басқа да құрал-жабдықтарын алып жұмысқа кіріскен. Енді бірі станция кезекшісімен рациямен байланысып пойыздардың қозғалысын бақылап тұр.



Әне қолына жалауша ұстаған бригадир рация арқылы әлдекімге есеп беріп жағдайды баяндап жатыр...

Өздеріне берілген төрт сағаттық толаскезді тиімді пайдаланып қалуға тырысқан жолшылар ұйымдасқан кәсіби түрде жылдам қимылдап жатыр. Сондықтан арада бір сағат өткенде арнайы ат терлетіп қаладан келген топқа мойын бұруға да шамалары болмады.

Ал бұл келгендер – теміржолшылар жағдайының талап деңгейінде болуын бақылап, бақылағанда да олардың маусымдық киімдермен, жұмысқа қажетті құрал-жабдықпен, т.т. қамтылуын көзбен көріп, қажет жағдайда дәрігерлік көмектің қолжетімді болуын, қажетті дәрігерлік керек-жарақпен қамтылуын байқау, бәрінен бұрын қыс ауасында ауқымды жұмысты қолға алған жолшыларға рухани демеу жасау мақсатында арнайы жолға шыққан «Нұр отан» партиясының «Теміржол» филиалы өкілдері мен дистанция кәсіподақ ұйымы өкілдері еді.

– Ауа райының қолайсыз күндерін елеп ескермейтін теміржолшылар, жол дистанциясы мен белгі беру және байланыс дистанциясы және станция ұжымы,қалпына келтіру пойызы майталмандарынан құралған 60-қа жуық жұмысшы бүгін жоспарлы түрде бұрмалы бағыттаманы ауыстыруда. Қызылорда станциясынан 12,5 км жердегі Белкөл станциясында өтіп жатқан осы толаскезді көзбен көріп, теміржолшыларға рухани демеу беру үшін кездесіп, хал-ахуалдарымен танысу үшін келдік, – дейді өкілдер атынан «Теміржол» филиалы төрағасы орынбасары Базара Танбаева.

Саланың әр мекемесінен келген мамандар тынымсыз еңбектің нәтижесінде өздеріне тиесілі толаскез кезіндегі жұмыстарын 4 сағаттың ішінде орындап шықты. Бағыттамалық бұрманың металдық бөлшектерін, яғни ағаш шпалды темірбетон шпалына ауыстырған жерін бірі күрекпен тегістеп, бірі қосылған жерін балғамен ұрып, айнамен қарап, рельстердің дұрыс орнығуын бақылап, жұмыстың тыңғылықты орындалғанын тексеруге де уақыт жетті. Келген партия өкілдері рельсті төсеу кезінде бекітілген нормалардың сақталғанын, рельстердің техникалық талапқа сай төселгенін көзбен көрді. Міне, телімmен алғашқы жолаушылар пойызы да жүріп өтті...

Тек осыдан кейін ғана қонақтар теміржолшылармен емен-жарқын әңгімедүкен құруға уақыт табылып, олардың еңбектеріне алғыс айтты. Сонымен қатар қонақтар құр қол келмепті. Сәтті аяқталған толаскез құрметіне жолшыларды өздерімен бірге ала келген ыстық шәй мен самса-бәліштерімен сыйлады.

*Суреттерді түсірген автор*

БАЙҚАУ

# ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бойынша 2018 жыл «Станция бастығы» жылы болып жарияланғаны белгілі. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде осы шараға орай станция басшылары арасында байқау жарияланып, нәтижесінде үздіктер анықталды.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Байқау бойынша станция басшыларының еңбек нәтижелерімен қатар темір жолдағы техникалық пайдалану Ережесін, пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар бойынша Нұсқаулықты, сигнализация бойынша Нұсқаулықты және Компаниядағы өндірістік қауіпсіздік стандарттарын қаншалықты білу деңгейлері ауызша сұрау арқылы тексерілді. Арнайы жасақталған әдістемеге сәйкес станция бастығының кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігін көтеруге бағалау жүргізілді.

Бөлімшенің қауіпсіздік жөніндегі инженері Фарида Қазжанованың айтуынша, байқауға бөлімшеге қарасты 10 станция мен 8 разъезд басшылары қатысып, осылардың ішінен «Үздік станция бастығы» атағына лайық жоғары ұпай жинаған үш басшы таңдап алынды. Бірінші орынды Теңдік станциясының бастығы Болатбек Меңдешов, екінші орынды Құлсары станциясының бастығы Қайрат Жақсылықов, ал үшінші орынды Аққыстау станциясының бастығы Гүлнар Көшкенбаева иеленді. Бұл үшеуі де бүгінде толық қуатымен жұмыс жасап келе жатқан станциялар. Теңдік станциясы негізінен Атырау мұнай өңдеу зауытымен, Құлсары станциясы «Теңізшевройл» мұнай компаниясымен, ал Аққыстау станциясы «Жайықмұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасымен тығыз қарым-қатынаста. Яғни, үшеуі де мұнай өнімдерін тасымалдауда үлкен орны бар станциялар. Басшылары да жан-жақты ысылған, білікті, тәжірибелі мамандар. Жеңімпаздарға бөлімше атынан Мадақтама қағазы беріліп, байқаудың қорытынды нәтижесі Астанадағы басшылыққа ұсынылды.

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

# ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТЫҢ АЛДЫН АЛУ: 6 СТАНДАРТ ШАРТЫ



Темір жолдың жол шаруашылығында еңбек қорғау саласының қызметі өндірістік қауіпсіздік саласына 2017 жылғы 21 тамызда енгізілген жаңа стандарттар бойынша жүргізіліп келеді. Одан бөлек өндірістік жарақатты жою мақсатында сала мамандары Хайнрих жүйесімен жұмыс істеуге көшкен. Сонымен қатар еңбек қорғау саласында былтыр жасалған Қауіптер тізімі бойынша да жұмыстар басшылыққа алынуда.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Аса қауіпті аймақ саналатын теміржолда өнімді еңбек етуді көздейтін Астана ірілендірілген жол дистанциясында еңбек қауіпсіздігі бойынша тәжірибелі маман, дистанцияның жетекші еңбек қорғау инженері Зылхия Батышевадан осы жаңа стандарттар мен жүйелер туралы айтып беруді өтінген едік.

– Өндірістік жарақат алуды болдырмау үшін жаңа 6 стандарт енгізілді. Оның біріншісі – ұлттық компания мен оның еншілес ұйымдарында түпкі себебін анықтай отыра болған оқиғаларды басқару, екіншісі – экологиялық аспектілер қаупі мен оларды бағалауды идентификациялау және өндірістік қауіпсіздік бойынша тәуекелдерді басқару. Үшінші стандарт – төтенше жағдайларды жоюды ескерту, одан әрі мердігер мекемелердің жұмысты орындауы барысында қауіпсіздікті басқару, бесіншісі – қауіпсіздік бойынша мінездік диалог, алтыншысы – өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметте ішкі бақылауды ұйымдастыру. Былтырдан бері барлық қызметкерлерді осы стандарттармен таныстырудамыз, себебі ҚТЖ-ның маңызды стратегиялық бағыттарының бірі өндірісте жарақаттанушылықты мүлдем жою болып отыр, – дейді З.Батышева.

Білікті маманның айтуынша, осы мақсатта олар, сонымен қатар немістердің Хайнрих талдау жүйесімен де жұмыс жүргізуде. Қауіпсіздікті басқару – бұл үздіксіз процесс, оның басты мақсаты – қауіпті іс-әрекет пен жарақатты болдырмау. Кез келген жарақат алу оқиғасы төменгі деңгейлі көптеген іс-әрекеттердің жиі қайталануы салдарынан болады. Хайнрих жүйесімен осындай қауіптердің пирамида сипатындағы 5 деңгейі анықталған.

– Оның ең төменгі деңгейі қауіпті іс-қимылдар деп аталады. Қауіпті іс-қимылдар дегеніміз не? Мысалы, қауіпсіздік ережесін бұзып, қорғаныш көзілдірігін кимесе, қорғайтын белдікті тақпаса немесе ақаулы жабдықпен жұмыс істесе, соның бәрі де қауіпті іс-әрекет болып саналады. Олардың әрқайсысы жарақат алу жағдайына әкелмегенімен, солардың бәрінің жиынтығы ауыр жағдайға апаруы мүмкін. Пирамиданың төменнен жоғары қарай есептегенде келесі тұрған деңгейі – ұсақ жарақаттар, одан соңғы үшінші деңгей – жеңіл жарақаттар, екінші деңгей – ауыр жарақат, ал бірінші деңгей қайғылы жағдайға әкелетін жарақат алу оқиғасы. Міне, енді қараңыз, аталған пирамида жүйесі авторының теориясы бойынша, ең жоғарғы бірінші деңгейдегі қайғылы жағдайға әкелетін 1 жарақат алу жағдайына 30 ауыр жарақат себеп болса, ол өз кезегінде 300 жеңіл жарақаттан туындайды, сол сияқты одан әрі бұған 3000 ұсақ жарақат себеп болған. Ал соның ең түбінде 30 мың қауіпті іс-әрекет жатады екен, – деп түсіндірді жаңа жүйе шартын жетекші инженер.

Мұнымен қоса былтыр дистанцияда қауіптер тізімі де жасалған болатын. Тізіліп, бекітілген 134 қауіп бойынша жұмысшылармен күн сайын жұмысқа кірісер алдында нұсқаулық және басқа да түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл қауіптер тізімінде – темір жолда белгі беру жилетінсіз жүру, қозғалып келе жатқан жылжымалы құрам мен көлік құралдары, қозғалыстағы машиналар мен механизмдер, құрал-жабдықтар және олардың бөліктері, көпірде, тағы басқа жерде жоғарыдан құлауы мүмкін заттар мен құралдар, жұмыс аймағындағы ауаның шаңға бөгуі, тоқ соғу, жұмыс орнындағы шудың, дірілдің тым жоғары деңгейі, түнгі уақыттағы жұмыс кезінде жұмыс орнында жарықтың жеткіліксіз болуы, жұмыс аймағындағы ауа температурасының, ылғалдылығының тым жоғары немесе тым төмен болуы, жұмыс орнының тым биікте орналасуы, кеңседе еденнің дұрыс сүртілмеуінен адамның сырғанап құлауы, жыртылған линолеумге сүрініп кету, өрт қауіпсіздігінің сақталмауы, ақаулы құралдармен жұмыс жасау, баспалдақпен көтеріліп келе жатып сүріну, компьютерден бөлінетін зиянды сәуле, жұмыс барысында қолын тіліп алу, кесіп алу және тағы да басқа ірілі-ұсақты кемшіліктер, олқылықтардың, қауіптердің бәрі бар.

– Бұл қауіптер тізімі жыл сайын көбейіп, қатарына жаңа қауіптер қосылып отырады. Оларды күн сайын мінездік диалог барысында басшылар қадағалайды. Әр жұмысшыға аталған қауіптер тізімі мақсатты нұсқаулықтар барысында да таныстырылып отырады. Жоғарыда аталған жаңа стандарттар бойынша болған оқиғалар есебін тіркеу журналы жүргізіледі, – дейді З.Батышева.

Дистанцияның жетекші еңбек қорғау инженерінің пікірінше, қайғылы жағдайларға көбіне жолдан өтетін бөгде адамдар себеп болады. Белгіленбеген жерден өтетіндіктен олар көп жағдайда өздерінің басын қауіпке тігіп жатқанын түсінбейді. Соны түсіндіру үшін дистанция ұжымы теміржолға жақын елді мекендер халқымен былтыр 34 кездесу өткізіпті, оған 1328 адам қатысқан. Сол сияқты 29 оқу орнына барып, барлығы 4168 адамға түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Желілік тәртіп сақшылары және өзге де құрылымдық мекемелер өкілдерімен бірлесе 21 рейдке шыққан болса, соның барысында 25 бұзушылық анықталып, сонша адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Теміржол бойына жаңадан 11 ескерту белгісі қойылып, бұрынғы 77 белгі жаңартылған. Бұған қоса жұмысшыларға 97 техникалық сабақ өткізіліп, 4119 адам қамтылған.

Өндірістік жарақатты болдырмау үшін дистанцияда 2019 жылға арналып 25 тармақтан тұратын шаралар жоспары жасалыпты. Бұл шаралардың қатары салдары ауыр жарақат алуға, апатқа әкеп соғатын еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзған жұмыскермен еңбек шартын бұзудан басталады. Одан әрі жоспардан тыс тексерулер жүргізу, керекті құрал-жабдықтардың түгелдігін қадағалау, жұмыс бригадаларын, операторларды ақаутапқыш арбашаларымен, жабдықтармен қамтамасыз ету және тағы да басқа шаралар қарастырылған. Бұған қоса жұмыс барысында жұмысшыларға ұялы байланыс құралы мен құлаққап пайдалануға тыйым салынған.

*Суретті түсірген автор*

ПУЛЬС ОТРАСЛИ

# ПОДВЕЛИ ИТОГИ, НАМЕТИЛИ ПЛАНЫ

За 2018 год по филиалу АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети» во всех хозяйствах выполнен большой объем работ. К примеру, только по хозяйству пути произведен капитальный ремонт верхнего строения пути на новых материалах 867,19 километра, в том числе подрядным способом – 723,23, хозспособом – 143,97 километра пути.

**Асель ШАЙХЫНОВА**

Кроме того, заменено 204 878 деревянных шпал, 253 комплекса стрелочных переводов, 1 521 ремкомлект и 1 281 крестовина; приварено 147 700 рельсовых соединителей; построено 357,5 километра скотоизгороди и отремонтировано 631,7 километра; приведены в соответствие техническим условиям 832 кривых и многое другое.

При помощи мобильного диагностического комплекса проверено 8 639 километров, в том числе 7 833 – бесстыкового пути, или 9 283 пары рельсовых плетей, 228 километров звеньевого пути.

– Для повышения уровня безопасности движения поездов в прошлом году приобретены и внедрены в эксплуатацию 7 единиц снегоуборочной техники, 366 единиц путевых шаблонов, 3 пескоструйных аппарата, 20 комплектов альпинистского снаряжения, – говорит исполнительный директор по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Жанат Кашкимбаев.

Если остановиться на проделанной работе по хозяйству электроснабжения, то здесь выполнен текущий ремонт контактной сети 11 920 километров, линий ВЛ АБ и ПЭС-10812; заменено изоляторов контактной сети – 15 280 штук; изношенных струн контактной сети – 40 152 штуки; зажимов на контактной сети – 30 790. Также проведена диагностика 276 248 фарфоровых изоляторов контактной сети, усилена изоляция 7 333 линий ВЛ АБ и ПЭС и основания 650 опор линий ВЛ АБ и ПЭС. Помимо того, произведены дополнительная установка и замена 876 траверс линий ВЛ АБ и ПЭС.

Немало сделано и по хозяйству сигнализации и связи. К примеру, по станции Сарыагаш включены в централизацию 4 стрелки с примыканием 2 вытяжных путей и организацией 5 рельсовых путей, 5 маневровых сигналов. Построены и введены в эксплуатацию 4 блок-поста на участке Кызылжар – Жезказган.

В целом, в 2018 году организовано 13 месячников по безопасности движения, проведено 3 «круглых стола» с участием представителей Главной транспортной прокуратуры РК, Комитета транспорта МИР, дорожной полиции, ДВДТ для обсуждения и выработки совместных мер по недопущению травмирования посторонних лиц, наездов на скот, сходов подвижного состава на подъездных путях, наложений на путь, столкновений на железнодорожных переездах с автотранспортом, хищений товароматериальных ценностей. Также проведена проверка уровня знаний руководителей регионального и линейного уровней для подтверждения соответствия занимаемой должности.

К сожалению, за 2018 год есть и грустная статистика. Допущено 66 случаев наезда на людей, в том числе 42 с летальным исходом, 24 травматических. При этом, из них 3 случая суицида, 5 – суицидального характера, 12 – в состоянии алкогольного опьянения, 2 – нахождение в наушниках, 39 – несоблюдения правил нахождения на железнодорожных путях и так далее. Люди очень невнимательны, не соблюдают элементарных мер при нахождении вблизи путей.

